*Кенжебай Бекпаев*

# *Іздеймін, анам, мен сені*







Кенжебай Бекпаев

# Іздеймін, анам, мен сені

*Қазақстан ақындарының өлеңдеріне жазылған әндер*

Астана – 2018

ӘОЖ 78
КБЖ 85.31
Б 39

**Бекпаев К.**
**Б 39** «Іздеймін, анам, мен сені» вокалдық шығармалар / К. Бекпаев – Мастер ПО ЖШС Астана 2018., – 20 б.

**ISMN 979-0-803856-91-1**

Композитор Кенжебай Бекпаевтың бұл жолы ұсынып отырған шағын жинағы төрт шығармадан тұрады. Олар белгілі қазақ ақындары Аллажар Теміржановтың, Сағи Жиенбаевтың, Ақберен Елгезектің сөздеріне жазылған.

Жүректен шыққан бұл дүниелерді ән сүйер қауым жылы қабыл алады деген сенімдеміз

**ӘОЖ 78**
**КБЖ 85.31**

**ISMN 979-0-803856-91-1**

**© Бекпаев К., 2018**

# Іздеймін, анам, мен сені

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Сағи Жиенбаевтікі**




Vox.
Pno.
mf
ff
mp
са-бы-лып,
Із - дей-мін, із - дей-мін, а - нам,
мен се-ні.
Із - дей-мін, із - дей-мін, із - дей-мін, а - нам,
мен се - ні


19
1.
Vox.
19
Pno.

## Іздеймін, анам мен сені

*Сөзі: Сағи Жиенбаевтікі*

Кей күні көңілім жабығып,
Басса бір тұман еңсені,
Тордағы құстай сабылып,
Іздеймін, анам, мен сені.

Алысып ауру түнімен
Жатса да көзім ілінбей,
Мен сені жердің түбінен
Шақырам жалғыз пірімдей.

Көресің бе әлде түсіңде,
Сезесің бе әлде, анашым,
Қап-қара түннің ішінде
Сен ұшып келе жатасың.

Табынар жалғыз тәңірімнің
Сезем де қазір жетерін,
Білмеймін тіпті қайғың мен
Қорқыныш деген не екенін...

# Мен сіз жайлы не білемін, сары қыз?!

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Ақберен Елгезектікі**




Vox.
Pno.
mf
жа-ны-мыз, а-шыл-ма-сын біл-сем да-ғы ба - ғы-мыз,
f
ff
mf
мен сіз жай-лы, ой-ла-на-мын, ой-ла-на-мын, ой-ла-на-мын, на-ны-ңыз. ой-ла-на-мын,
ой-ла-на-мын, ой-ла-на-мын, на - ны-ныз.


19
1.
Vox.
Pno.

## Мен сіз жайлы не білемін, сары қыз?!

*Сөзі: Ақберен Елгезектікі*

Мен сіз жайлы не білемін, сары қыз?!
Сары елессіз, қазандағы сары күз.
Бір болмасын білсем дағы жанымыз,
Ашылмасын білсем дағы бағымыз,
Мен сіз жайлы ойланамын, наныңыз.

Сіз мен жайлы не білесіз, сары нұр?!
Сары әлемде қалтыраган сары гүл.
Сары күзде құлазыса өмір құр,
Сары күзде қырауланар көңіл бұл,
Мен сіз жайлы ойланамын бәрібір...

Біздер жайлы не біледі мына күз,
Тағдыр ма бұл, қандай еді кінәмыз?..
Біздер жайлы калған кезде бір аңыз,
Тәңір алды тартылады күнәміз...
Сонда біздер «сүйдік қой!» деп жылармыз...

# Сен де мені сағынарсың...

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Ақберен Елгезектікі**




Vox.
Pno.
ff
Із - деп ме - ні са - - - бы - лар - сың
са - - бы - лар - - сың - - - мен жұр - мей - - тін
бір жақ-та - мен - жүр-мей - тін мен - жүр-мей - - тін


19
Vox.
бір жақ - та.
Pno.
22
1.
25

## Сен де мені сағынарсың

*Сөзі: Ақберен Елгезектікі*

Сен де мені сағынарсың,
Ашса қауыз гүл бақта.
Іздеп мені сабыларсың
Мен жүрмейтін бір жақта.

Бұлттан бейнем түзелгенде,
Мені аңсарсың бір күні.
Іштен әуен сезілгенде,
Қобалжисың бір түрлі.

Талдан, таудан сұрап мені,
Таба алмасаң, жыларсың.
Мың нүктеден құрап мені,
Жол шетіне құларсың.

Жүрегіңе мұң аларсың,
Өтіп көл мен теңізден.
Бәлкім, біліп қуанарсың
Жүргенімді сені іздеп...

# Сен өмірдің бұлағы ең

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Аллажар Теміржановтікі**




Vox.
Pno.
10
мей - рім - ді бір ө - зі - не, бір ө - зі - не
13
f
mf
сар - қып ем. Ә - ке - лік бар мей - рім - ді
16
ff
бір ө - зі - не бір ө - - зі - не,


19
Vox.
бір ө - зі - не, бір ө - зі - не сар - қып ем
Pno.
22
Vox.
Pno.
f
mf
Ped.
25
1. rit.
Vox.
сөн - ген соң сен жа - ры - ғым.
Pno.

## Сен өмірдің бұлағы ең

*Сөзі: Аллажар Теміржановтікі*

*(Ұлы Рашит қайтыс болғанда)*

Сен өмірдің бұлағы ең,
Мен өмірдің сарқыны ем.
Әкелік бар мейірімді
Бір өзіңе сарқып ем.

Елуге келген шағымда
Сен ең жалғыз таяныш.
Суып кетті маңым да
Тағдырда жоқ аяныш.

Жұртта қалдым күйіне
Нар інгендей аңырап.
Сен кеткен соң дүние
Бос қалғандай қаңырап.

Сен ең жасыл бұтағым,
Көктей солды тамырым.
Қызығымнан жұтадым
Сөнген соң сен жарығым.



000001615417

# Мазмұны


1. Іздеймін, анам, мен сені.......................................................................... 3
2. Мен сіз жайлы не білемін, сары қыз?!.................................................... 7
3. Сен де мені сағынарсың.............................................................................. 11
4. Сен өмірдің бұлағы ең.................................................................................. 15

Аранжирлеуші:

**Владимир Шевченко**

Басуға 01.08.2018 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 2,5 Пішімі 60/84 /8
Таралымы 50 дана
Тапсырыс 051
«Мастер ПО» ЖШС басылды
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418
e-mail.: masterpo08@mail.ru